

БЕКІТЕМІН:

Директор м.а.

Жолдыбай С.С.

« _____ » _____ 2024 жыл

ОБЛЫС, ҚАЛА, АУДАНЫ, АУЫЛ: Ақмола облысы, Жақсы ауданы,
Терісаққан ауылы

МЕКТЕП: «Терісаққан ауылының негізгі орта мектебі» КММ

2024-2025 оқу жылына арналған мектеп кітапханашысының
жылдық жоспары

Кітапханашы: Н у т б а е в а Г . О.

Кітапхананың негізгі мақсаттары:

- 1.Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасы үкіметінің кітапхана ісінің мәселелері жөніндегі шешімдерін,Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары ,аудандық білім бөлімінің үкімдерін және осы жоспарды басшылыққа алады.
- 2.Кітапхана өз жұмысын педагогикалық ұйыммен бірлесіп атқарады.
- 3.Оқушылардың кітапқа деген құштарлығын арттыруға және кітапхананы пайдалана білуге тәрбиелейді.
- 4.Кітап арқылы оқушылардың ой-өрістерін,рухани жандүниесін кеңейту,тілін дамыту,білімді,парасатты азамат азамат тәрбиелеуге жәрдемдесу.

Өздік көрсеткіш.

Р/с	Көрсеткіш	2024-2025
1	Кітаптар қоры	1790
2	Әдеби кітаптар	949
3	Оқулықтар қоры	703
	Орыс тіліндегі кітаптар	138
4	Электрондық оқулықтар саны	10
5	Оқушылар саны	43
6	Оқырмандар саны	40
7	Кітап беру.	45

Міндеттері мен істелетін жұмыстар:

- I.Ұйымдастыру жұмыстары.
- II.Кітапхана қорымен жұмыс.
- III.Ақпараттық-библиографиялық жұмыс.
- IV.Оқырмандарға қызмет көрсету.
- V.Өз білімін көтеру.Кәсіптік даму.
- VI.Кітапхана құжаттарын жүргізу жұмысы.
- VII.Көпшілік іс-шаралар.

I.Ұйымдастыру жұмыстары.

- 1.Кітапхана бөлмесінің тазалығын сақтау.
- 2.Кітаптар сөрелерін,үстелдер мен орындықтарды тиімді орналастыру.
- 3.Кітапхананы қажетті техникалық құралдармен жабдықтау.

II.Кітапхана қорымен жұмыс.

- 1.Жаңа оқу жылында оқулықтарды ілеспе құжаттар арқылы тексеріп, саны мен құнын есептеу.
- 2.Жаңа кітаптар мен оқулықтарды,электрондық оқулықтар мен әдістемелік кітаптарды инвентарлық кітаптарға тіркеу.
- 3.Оларға кітапхана мөрін басу.
- 4.Баспасөз басылымдарына жазылуды ұйымдастыру.
- 5.Істен шыққан кітаптарды,оқулықтарды кітапхана қорынан алып тастау.
6. Оқулықтарды сақтау туралы оқушылармен әңгіме жүргізу.
- 7.Жыртылған оқулықтарды желімдеп,қалпына келтіру.

III.Ақпараттық-библиографиялық жұмыс.

- 1.Атаулы күндерге папка жинақтау.
- 2.Кітап көрмелерін өткізу.
- 3.Педагогикалық кеңестер мен директор жанындағы отырыстарға қатысып отыру.
- 4.Библиографиялық қызмет көрсетудің түрлі формаларын қолдану.

IV.Оқырмандарға қызмет көрсету.

- 1.Барлық жастағы оқырмандардың кітап оқуын,қабілеттерін жетілдіруге ат салысу.
- 2.Оқу үдерісіне көмек ретінде ақпараттық жұмысты әрі қарай дамыту.
- 3.Жаңа оқулықтарды сыныптарға тарату.
- 4.Жаңадан тіркелген оқырмандарды кітапхана ережелерімен таныстыру.

5.Кітапхана кеңесін сайлау,жұмыс жоспарын құру.

V.Өз білімін көтеру.Кәсіптік даму.

1.Қазақстан Республикасының «2050 даму стратегиясын», «Білім туралы Заңын», «Тіл туралы Заңын», «Балалар Конвенциясын» оқу,білу.

2.Облыстық,аудандық кітапханашылар бірлестігінің жұмыстарына қатысу.

3.Басқа кітапханашылардың іс-тәжірибесін үйрену,қолдану.

VI.Кітапхана құжаттарын жүргізу жұмысы.

1.Кітапхана қорына түскен кітаптарды инвентарлық,сомалық кітаптарға тіркеп отыру.

2.Кітапхана күнделігін жүргізу.

3.Жоғалған кітаптарды тіркеу.

4.Есептен шығару құжаттарын мезгілінде даярлау.

5.Баспасөз басылымдарының квитанцияларын жинақтау.

VII.Көпшілік іс-шаралар.

№	Жұмыс мазмұны	Формасы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Тіл-халық байлығы» .Тіл мерекесіне арналған кітап көрмесі	кітаптар көрмесі	қыркүйек	кітапханашы
2	«Кітап-ақылшы досың»	1 сынып оқушыларын кітапхана ережелерімен таныстыру	қыркүйек	кітапханашы, кітапхана кеңесі
3	«Ұстаздық еткен жалықпас» ұстаздар мерекесіне орай	құттықтау қабырға газеті	қазан	кітапханашы, кітапхана кеңесі
4	« Балалық шаққа саяхат» Қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтің туғанына 95 жылдығына орай	Шығармашылығым ен танысу. «Менің атым Қожа» фильмін көру	қазан	кітапханашы, кітапхана кеңесі
5	Республикалық «Бір ел-бір кітап»акциясы	оқырман конференциясы	қараша	кітапханашы
6	Абай Құнанбаевтің 175 жылдығына орай «Абай-дана,Абай-дара»	Поэзия сағаты	қараша	кітапханашы
7	«Менің Президентім» Бірінші Президент күніне орай	портрет кеші	желтоқсан	кітапханашы, кітапхана кеңесі
8	«1 желтоқсан-Президент күні»	қабырға газеті	желтоқсан	кітапханашы, кітапхана кеңесі
9	«Біздің желтоқсаншы ауылдастарымыз»	тәрбие сағаты	желтоқсан	кітапханашы, кітапхана кеңесі
10	Баспасөз басылымдарына жазылу	үгіт-насихат жұмысы	желтоқсан	кітапханашы, кітапхана кеңесі

11	«Кітап-асыл қазына»	оқулықтардың тазалығын қадағалау	ақпан	кітапханашы, кітапхана кеңесі
12	«Ауған соғысына қатысушы ауылдастарымыз»	қабырға газеті	ақпан	кітапханашы
13	«Әлем халықтары Наурызды қалай атап өтеді»	танымдық викторина	наурыз	кітапханашы
15	«Кітап- білім бұлағы»	әңгіме	сәуір	кітапханашы
16	«Қанатты достарды қорғайық»	тәрбие сағаты	сәуір	кітапханашы, биология мұғалімі
17	«Кітап-білімнің қайнар көзі»	оқулықтардың тазалығын қадағалау	мамыр	кітапханашы, кітапхана кеңесі
18	Жылдық есеп	есеп	мамыр	кітапханашы

Мектеп кітапханашысы: Каймулдина Г.Г.

Тематикалық көрмелер ұйымдастыру жоспары.

№	Атауы	формасы	мерзімі
1	«Тіл-халық байлығы» <i>Тілдер мерекесіне орай</i>	кітаптар көрмесі	қыркүйек
2	«Тіл намысы-ел намысы» <i>Қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтің туғанына 95 жылдығына орай (1924-1991)</i>	кітаптар көрмесі	қазан
3	«Үш бәйтерек» <i>Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жылдығына; Бейімбет Майлиннің туғанына 125 жылдығына; Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 130 жылдығына орай</i>	кітаптар көрмесі	қараша
4	«Менің Президентім»	кітаптар көрмесі	желтоқсан
5	«Халық қолдаған Жолдау»	Жолдау материалдарының көрмесі	жыл бойы
6	«Қасиет көп адамда табынардай» <i>Қазақтың ақыны, халық жазушысы, журналист ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Фариза Оңғарсынованың туғанына-80 жыл (1939-2014)</i>	кітаптар көрмесі, папка дайындау.	наурыз
7	«Ұлтымның сан қырлы өнері»	тақырыптық сөре	наурыз
8	«Мен ғарышкер боламын» <i>12 сәуір-ғарыш күніне орай</i>	тақырыптық папка дайындау	сәуір
9	Халықаралық балалар кітабі күніне орай	кітаптар көрмесі	сәуір
10	«Табиғат-біздің байлығымыз»	тақырыптық сөре	сәуір
11	«Ынтымағы жарасқан» <i>1 мамыр – ҚР-ның халықтарының достастығы және ынтымақтастығы күніне орай</i>	қабырға газеті	мамыр
12	«Отанымның туы биіктен желбіресін» <i>.7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне арналған</i>	тематикалық көрме	мамыр
13	«Ұлы Жеңіске-75 жыл»	кітаптар көрмесі	мамыр

V. Өз білімін көтеру. Кәсіптік даму.

Өзіндік білім көтеру жұмысының міндеті:

Оқушыларды ізденімпаздыққа,білмекке құштарлыққа,шығармашыл,жан-жақты,дарынды тұлға тәрбиелеуде кітапхана жұмысында инновациялық технологияларын тиімді пайдалану.

Өзіндік білім көтеру жұмысының мақсаты:

- 1.Озат тәжірибелерге назар аудару
- 2.Кәсіби шеберлікті дамыту
- 3.Жаңа инновациялық технологияларды қолдану

№	Жоспары	Орындау мерзімі
1	Кәсіби білімді жетілдіру	Жыл бойы
2	Қазақстан Республикасының білім туралы негізгі нормативтік құжаттарын меңгеру	Жыл бойы
3	Қазақстан Республикасының мектеп кітапханасы туралы негізгі нормативтік құжаттарын меңгеру	Жыл бойы
4	Аудандық кітапханашылар семинарларына қатысу	Жыл бойы
5	Баспасөз басылымдарына жазылу	Жыл бойы

Терсақан негізгі мектебі

1 сынып оқушыларын кітапхана
ережелерімен таныстыру

«Кітап-ақылшы досың»




Өткізген: кітапханашы Каймулдина Г.Г.

Терсақан негізгі мектебі

1-4 сыныптармен тәрбие сағаты

«Бар білімнің қайнар көзі-кітапхана»



Өткізген: Каймулдина Г.Г.

Кітап білім бұлағы. Кітап білімнің қайнар көзі. Онсыз, яғни кітапсыз өмір сүру ХХІ ғасырда мүмкін емес екендіге мәлім. Кітап қана дәл мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға жетеледі. Әр адам кітаптың беттің ашқан сайын оның әлемінің тылсым табиғаттын, жаңа құндылықтарды үйренеді. "Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол" деп текке айтылмаған. Кімде де болса білімділікке сәл-пәл болсада құштарлығын дамытуға көмектеседі. Кітап оқыған адамның шетте қалмасы анық. Қазіргі заманың техниканың дамуына байланысты "кітапханалардың болашағы жоқ" деген сөздің қисыны келмейді. Себебі, компьютер адамның денсаулығыны, әсіресе көзіне зиян. Егер кітапхана болмаса бізден көз қалама. Сондықтанда болашақ адамның өз қолында - кітапхананың әлі де болса маңызы бар екенің дәлелдейік.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов.

Кітап тандап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир.

Бұл сөзден түйер ойымыз, адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген - кітап. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. "Наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол", - дейді Баус. Кітап - сенің асып-таспайтын асыл досың. Себебі кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын таңытқан, оқытып-үйреткен - кітап. Әр ұлттың, елдің келешегі мен болашағын баян еткен, тарихы мен өткенін жыр еткен де - кітап болатын. Сондықтан да, "кітап әлемдегі құпиялы ұлы ғажайыптардың бірі", - дейді Горький. Онда біз әлі білмейтін, естіп оқымаған қыр-сыры көп.

Оны тек кітаппен дос болған адам ғана құпиясын ашып, ғажабын танып біле алады. Достар, "Артық білім кітапта, Ерінбе оқып көруге", - деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық.

Терсақан негізгі мектебі

Республикалық оқырман конференциясы

«Бір ел-бір кітап»



Өткізген: Каймулдина Г.Г.

Терсақан негізгі мектебі

М.Жұмабаевтің 125жылдығына
орай тәрбие сағат

«Мен Мағжанмен
мақтанам»



Өткізген: Каймулдина Г.Г.

Терсақан негізгі мектебі

Бірінші Президент күніне
орай портрет кеші

«Менің Президентім»



Өткізген: Каймулдина Г.Г.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ халқының тұңғыш президенті.

Халқымыздың тартқан зардабын саусақпен санау мүмкін емес. 21 жылдың ішінде жерімізді, елімізді адам танымастай ғып өзгерткен, ел басыға рахмет!

Елбасымыздың арқасында Қазақстан тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылып, ең үздік елу мемлекеттің қатарын кірді. Қазақстанды дамыту мақсатында көп тер мен уақыт қажет болды. Сол еңбекқорлықпен шыдамдылықтың арқасында біздің еліміз жаңа заманға аяқ басты.

Елбасы болу, жалпы өте жауапты іс. Себебі, сен тұтастай бір елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етесің.

Елбасымыз жарқын болашақтың есігін айқара ашып отыр. Білім алып, елімізді басқа да үлкен мемлекеттерге таныту мақсатында « болашақ» бағдарламасын ұйымдастырды. Қазақ жастары білім алсын деген сеніммен, өзінің жеке меншік атындағы мектеп орындары мен жоғары білім беретін оқу мекемелерін ашты.

Елбасымыз өзінің халқына деген сүйіспеншілігінің арқасында бүкіл халыққа сыйлы болып отыр. Табандылықпен жасалған істің, әрқашанда

жүзеге асатынын білеміз. ..Басы қатты болса, аяғы тәтті болады деген жалпы осы шығар.

Жиырма бір жылдың ішінде елбасымыз халыққа берген бүкіл уәделерін орындап келеді. Ендеше, бізде елбасымызға болашақты құру мақсатында істеліп жатқан шараларға өз үлесімізді қоссақ, әрине ол артық болмас...

Жұмыла көтерген жүк жеңіл- демекші...Ендеше менде өз сөзімді аяқтап, елбасымызға деген алғысымды білдіремін.

Рахмет сізге, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!

Терсақан негізгі мектебі

Оқулықтардың тазалығын қадағалау

«Кітап-асыл қазына»



Өткізген: Каймулдина Г.Г.

Кітап – адам өмірінің таусылмас қазынасы дүниенің айнасы, ғылым – білімнің көзі, өнер мен тәрбие құралы, өмір күресінің ең мықты қаруы болатын ақылшы досың. Кітап – адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап қалатын, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал.

Кітап – араб сөзі. Ол қазақша «жазу», «жазба» деген мағынаны білдіреді. Кітап – көп ақылдың құйылған көлі, ол ортақ мүлік, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы. Ата бабаларымыз «Күш білімде, білім кітапта», «Кітап – ғажап дос» деп бекер айтпаған. Кітап – шебер ұстаз, тілсіз мұғалім.

Алғашқы кітаптар осыдан бірнеше жыл бұрын пайда болған. Ол біздің қолымыздағы еш ұқсамайды. Алғаш рет кітап жұмсақ балиықтан жасалған. Жұмсақ балиыққа үшкір нәрсемен жазу жазып, оны кептіріп, кейін күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған. Бамбук өсімдігінен

таяқшалар әзірлеп соған да жазған. Ежелгі Египетте кітапты тасқа қашап жазған. Кейін жануарлардың терісінен пергамент деп аталатын материал жасалып, кітап соған жазылған. Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз XIII ғасырда пайда болды. Кітаптың шығу тарихы мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа тастаған.

Кітап – адал пейіл, асыл дос. Барлық білімді кітаптан аламыз. Кітап бізді қайырымдылыққа, адалдыққа, әділдікке үйретеді. Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы.

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» деген екен Ғабит Мүсірепов. Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіңе жарата білу - әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Артық ғылым кітапта, Ерінбе оқып көруге – деп, Абай атамыз айтқандай «Білімнің қайнар бұлағы – кітап». Сондықтан да мұны адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап қана дәл мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға жетелейді. Кітап арқылы баланың дүниетанымы кеңейіп, еңбекке деген саналы көзқарас қалыптасады, сабаққа деген ынтасы артады. Сондықтан біз жас кезімізден - ақ кітапты сүйеге және оны күтіп, ұқыпты ұстауымыз керек.

Кітапхана кеңесінде қаралатын мәселелер

№	Қаралатын мәселелер	Мерзімі
1	2019-2020 оқу жылына кеңес құрамын сайлау	I тоқсан
2	Ай сайын өткізілетін іс-шараларды талқылап,талдап отыру	Үнемі
3	Кітапхананың іс-құжаттарын толықтыруға көмектесу	Үнемі
4	Оқулықтардың тазалығын тексеру мақсатымен рейдтер жүргізу	Тоқсан сайын

Кітапхана кеңесінің мүшелері

№	Аты-тегі	Қызметі	Кеңес құрамындағы қызметі

1	Каймулдина Г.Г	кітапханашы	ұйымдастырушы
2	Каримжанова Бекзат	7 сынып	мүшесі
3	Сәбит Жұлдыз	7 сынып	мүшесі
4	Колбаева Мейрамгүл	8 сынып	мүшесі